

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданы білім беру бөлімінің «Қоскөл жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Балапан» шағын орталығының
өзін-өзі бағалау қорытындысы

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданының білім беру бөлімінің «Қоскөл жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Балапан» шағын орталығы.

Білім беру ұйымының толық атауы – Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданының білім беру бөлімінің «Қоскөл жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Балапан» шағын орталығы.

Құрылыс жылы – 2008 ж.

Жобалық қуаты – 20 оқушы.

Жалпы ауданы – 84 ш. м

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140507, Ертіс ауданы, Қоскөл ауылы, Мира, 13 көшесі.

Заңды тұлғаның байланыс деректері: 87057300926, tuyakovzhanat@mail.ru

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: мектеп директор Туяков Жанат Бекешович Бұйрық №1-05 / 110 от 18.12.2019 ж.

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары

Мектеп бастауыш, негізгі және орта жалпы білім беруді мынадай құқық белгілейтін құжаттар негізінде жүзеге асырады:

- 2021 жылғы 10 ақпанда берілген № KZ34LAA00022869 мемлекеттік лицензия Лицензиар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.

- 2021 жылғы 10 ақпанда берілген №KZ34LAA00022866 білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша Лицензиар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті.

№ 10100475450084 от 13 января 2021 Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама БСН981040001627.

- № 5 06 қантар 2021 жылғы бұйрығымен бекітілген Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданы білім беру бөлімінің «Қоскөл жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы.

Мектеп әкімшілігі:

Мектеп директор: Туяков Жанат Бекешович – педагог-модератор, дене шынықтыру мұғалімі, еңбек өтілі -25 жыл.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Ахметова Шырын Оразовна – педагог-сарапшы санатты биология пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі- 14 жыл.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Асылбекова Сабина Тохтамысова – педагог-модератор, қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі, еңбек өтілі 11 жыл.

2024 жылы «Балапан» шағын орталығы:

Балалар саны: 8. Аралас топ

Мектепалды даярлық сыныптары: 2

Оқыту тілі: қазақша. Бала саны – 2

Оқыту тілі: орысша. Бала саны – 3.

«Балапан» шағын орталығы бескүндік режимде жұмыс істейді.

Аттестаттаудың мақсаты: білім беру ұйымы ұсынған білім қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес бақылауды жүзеге асыру.

Мектептің әдістемелік тақырыбы: «Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында білім беру сапасын және педагогикалық технологияларды жетілдіру».


Іс жүргізу үшін мектеп директоры бекіткен және аудандық білім бөлімімен келісілген істер номенклатурасы, штаттық кесте, тәрбиешілер мен қызметкерлердің жеке істері, еңбек кітапшалары, еңбек келісім-шарттары, тәрбиешілер мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары бар.

Жалпы білім беру мәселесі бойынша алфавиттік кітап, балалардың қозғалысы туралы бұйрық кітабы, шағын орталықтан кеткен және келген балаларды тіркеу журналы, балалардың жеке істері медициналық құжаттары бар. Бұл құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 23 қазандағы №502 «Білім беру ұйымының білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысандарын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Ұстаздардың білім деңгейі


Периодтар	Барлық ұстаздар	Жоғары білімді	Орта арнаулы біліммен
2022-2023	3	2	1
2023-2024	3	2	1
2024-2025	4	2	2



Бұл кесте мұғалімдердің білім деңгейінің бұрынғы деңгейде қалғанын көрсетеді.

Ұстаздардың біліктілік санаттары туралы ақпарат

	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Барлық ұстаздар	3	3	4
Екінші санатты	1(33%)	0	0
Педагог-модератор	0	2(66%)	2(50%)
Санатсыз	2(67%)	1(33%)	2(50%)




Үш жыл ішінде педагог-модератор мұғалімдерінің үлесі 50 пайыз құрайды.

Ұстаздардың жастық құрамы туралы ақпарат

	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Барлық ұстаздар	3	3	4

20 жасқа дейін			
20-25 жас			
25-30 жас	1	1	1
30-35 жас		1	2
35-40 жас			
40-45 жас	2	1	
45-50 жас			1
50-55 жас			
55-58 жас			
58 жастан жоғары			



Ұстаздардың орташа жасы 35 жас. Осы жаста ұстаз түбегейлі өзгерту (өзгерту, дамыту) және жаңа құралдар мен тәсілдерді іздестіру міндеттерін қоюды және шешуді біледі. Педагогикалық әдепті және педагогикалық дербестікті меңгереді. Осы барлық қасиеттер оның тиімді қызметін қамтамасыз етеді.

2022-2023 оқу жылында курстан өткен мұғалімдер

№	Мұғалімнің аты-жөні	Тақырыбы	Мерзімі	Өткен жері	Сериясы
1	Кузембаева Гульмира Жаксылыковна	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту»	17.04- 27.04.2023 ж.	Өрлеу	0599907

2023-2024 оқу жылында курстан өткен мұғалімдер


№	Мұғалімнің аты-жөні	Тақырыбы	Мерзімі	Өткен жері	Сериясы
1	Какимова Амина Келденовна	Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникавтік құзыреттілігін дамытудағы арт-педагогикалық технологиялар	03.06-13.06.2024 ж.	Өрлеу	0827614
2	Бердігүл Нүркелді Берікұлы	Балалар хор ұжымымен жұмыстың инновациялық әдістері мен формалары	14.06.2024	Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы	0005396

Тәрбиеленушілер контингенті

Шағын орталыққа жолдама тіркеу balabagsha.snation.kz веб-сайттағы бағыт бойынша жүзеге асырылады, 2024 жылдан бастап Инкрафт веб-сайтында электронды балабақшада қарастырылған.

Тәрбиеленушілердің жалпы саны

Оқу жылы	Балалар саны	Балалар жасы				
		1-2	2-3	3-4	4-5	5-6
2022-2023	12	-	3	4	3	2
2023-2024	10	-	1	3	4	2
2024-2025	13	-	2	1	5	5



Континенттік «Балапан» шағын орталығының саны жылдан жылға бұрынғы деңгейден артып келеді.

Жынысы бойынша тәрбиеленушілердің құрамы туралы мәлімет

Балалар жынысы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Жалпы балалар саны	12	10	13
Ұлдар	6	5	4
Қыздар	6	5	9

Тәрбиеленушілердің жетістіктері

2022-2023 оқу жылы

-Габитова Аяулым даярлық тобының тәрбиеленушісі – «Планета экологиясы» атты аудандық байқауының «Бейнелеу өнері» номинациясында III орын.

-Каирбеков Нурали «ПДД балалардың көзімен» аудандық жол қозғалысы ережелері сурет байқауында III орын.

2023-2024 оқу жылы

-Омаров Нурислам, Каирбеков Нурали, Голобородько Райяна, Задко Агата – «Қыс қызығы-2023» тақырыбында ұйымдастырылған «Менің ғажайып әлемім» I дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Оқу-әдістемелік жұмыс

Осы критерий бойынша 2022-2023, 2023-2024 және 2024-2025 оқу жылдарын талдауға ұсынылған мектепке дейінгі ұжымның құжаттары, барлық жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған оқу іс-шараларының кестеін басшы бекітіп, мөрмен куәландығанын көрсетті. Жыл сайын оқу жұмыс жоспары Павлодар облысы білім басқармасы Ертіс ауданының білім

бөлімі ММ-мен бекітіледі. Жұмыс оқу бағдарламасына түсінік хат құрастырылды.

Оқу процесін ұйымдастырудың негізі «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы 2012 жылғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары болып табылады.

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйығы (өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы 2022 жылғы 9 қыркүйек № 394 бұйрығы) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Оқу-материалдық активтер

Құрылыс жылы – 2008 ж.

Жобалық қуаты – 20 орын

Жалпы ауданы – 84 ш.м.

Жұмыс уақыты: аптасына 5 күн, дүйсенбі-жұма, сенбі-жексенбі демалыс (8:00-18:00).

Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Балалардың даму деңгейін бақылау кезінде мұғалімдер Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарын орындайды, мектепке дейінгі тәрбие мен бағдарламаның мазмұны бақылау парағын және баланың жеке даму картасын толтыру тәртібін біледі. Мұғалімдер баланың дағдылары мен ептіліктерінің даму деңгейін өлшеу әдістерін жетік меңгерген: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, іскерлік ойындар, өнімді іс-әрекет нәтижесі және т.б.

Салыстырмалы мониторинг

Жиынтық есеп 2023-2024 оқу жылына балалардың дағдылары мен емпіліктердің дамуын қадағалау бойынша бастапқы, аралық, қорытынды (тиісті болса астын сызу) мониторингі нәтижелері туралы

	Балалар саны	Физикалық даму			Коммуникативтік			Таным			Шығармашылық			Әлеуметтік		
		жоғары	орташа	төмен	Жоғары	орташа	төмен	жоғары	орташа	төмен	жоғары	орташа	төмен	жоғары	орташа	төмен
Аралас 2 жас	1	10	0	0	10	0	0	0	10	0	10	0	0	0	10	0
Аралас топ 3 жас	3	46	54	0	67	33	0	67	33	0	67	33	0	46	54	0
Аралас топ 4 жас	4	50	50	0	25	50	25	50	50	0	50	50	0	25	50	25
Мектепалды даярлық сыныбы	2	50	50	0	0	10	0	50	50	0	50	50	0	0	10	0
Барлығы	10	61	51	0	48	46	6	42	58	0	67	33	0	43	51	6

Қосымшаларда келтірілген сандық және сапалық көрсеткіштер негізінде жасалған қорытынды.

Сауалнама қорытындысы


2023-2024 оқу жылында мектепте шағын орталық тобында – 8, қазақ мектепалды даярлық тобында – 2 тәрбиеленуші білім алуда.

Сауалнаманың негізгі мақсаты – ата-аналардың көрсетілген білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану дәрежесін анықтау. Тәрбиеленушілердің ата-аналарының мектепке дейінгі білім беру сапасы туралы пікірін зерделеу бойынша мониторингтік зерттеу жүргізу мектепке дейінгі білім берудің қанағаттану дәрежесін анықтауға, білім беру процесіне қатысушылардың оны ұйымдастыру, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарына сәйкес жас топтары бойынша игерілуі тиіс мазмұны туралы пікірін зерделеуге мүмкіндік береді.


Сауалнамадан барлығы 9 ата-ана өтті. Бұл респонденттердің 100% құрайды. Мұндай пайыз ата-аналардың өзара іс-қимыл мен ынтымақтастыққа дайын екендігін және мұғалімнің жұмысына бей-жай қарамайтындығын көрсетеді.

Ата-аналарға 13 сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылды.

Сауалнамада тәрбиеленушілердің келесі дағдыларының деңгейін анықтады:



Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері үшін:



Мектеп директоры  Ж.Б. Туяков
(жолы) А.Т.Ө. (бөлінген жағдайда)